

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасының курстары бойынша Біліктілік емтиханының тапсырмалары
«Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы»

Қала, Оқыту орталығы	
Аудитория нөмірі	
Тыңдаушының орнының нөмірі	
ТАӘ	
ЖСН	

Емтиханның өткізілу уақыты: **90 минут**

ТЫҢДАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚ

1. *Сұрақ кітапшасын* аудиториядағы бақылаушы рұқсат бергеннен кейін ашыңыз.
2. *Сұрақ кітапшасында* берілген барлық **38 тест тапсырмасын** орындаңыз.
3. Тек қана **қара** сиялы қаламсапты (**гельді емес**) қолданыңыз.
4. Жауаптарыңызды алдымен *сұрақ кітапшасына* белгілеп алып, сонан соң *жауап парағына* көшіріңіз.
5. Сұрақтардың жауаптарын Сізге берілген *жауап парағындағы* дұрыс толтыру үлгісіне сәйкес белгілеңіз.
6. Емтихан аяқталған соң аудитория бойынша бақылаушыға *сұрақ кітапшасы мен жауап парағын* тапсырыңыз.

ТЫҢДАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

- А блогындағы тест тапсырмаларында бес жауаптың бірі ғана дұрыс болады. Осы блоктағы әрбір дұрыс орындалған тест тапсырмасы **1 балмен** бағаланады.
 - В блогындағы (сәйкестікті орнату немесе дұрыс реттілікті анықтау) сұрақтардың жауабы мына үлгіде болуы мүмкін:
 - дұрыс реттілікті анықтауға – 1В, 2А, 3Е, 4С, 5D;
 - сәйкестікті орнатуға – 1В, 2А, 3Е, 4С, 5D немесе 1АС, 2В және т.б., яғни бір сұраққа бірнеше дұрыс жауап таңдалуы мүмкін.
- Осы блокта 100% дұрыс орындалған әрбір тест тапсырмасы үшін **2 балмен**; 50% және одан жоғары – **1 балмен**; 50%-дан төмен – **0 балмен бағаланады**.
- Сіз жинай алатын балдың ең жоғары саны – **50**.

**«Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы»
бағдарламасының емтихан сұрақтары**

А блогы. (1-26 – тек бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары)

1. Оқушылардың ойлауын дамыту олардың бастапқы және жаңа білімдерімен атастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделетін теория

- A) дәстүрлі оқыту
- B) модульдік оқыту
- C) проблемалық оқыту
- D) сындарлы оқыту
- E) электронды оқыту

2. Синек бойынша көшбасшылықтың конустық метафорасының жоғары бөлігіне қатысты сұрақты көрсетіңіз

- A) қалай көмектесу керек?
- B) қашан өткізу керек?
- C) не істеу керек?
- D) неге өзгерту керек?
- E) неден бастау керек?

3. Бастапқы деңгейдегі сын тұрғысынан ойлау үдерісі қамтитын бөліктерінің бірі

- A) ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарау
- B) оқушыларды оқыту мен оқуға қатысты тиімді тәжірибелерді жинақтау
- C) проблемаларды шешу үшін теориялық материалды санаттарға жүйелеу
- D) проблемаларды шешуге дәлел, дерек, дәйекті орнымен пайдалана білу
- E) тәжірибені жетілдіруде оқытудың әдіс-тәсілдерін, стратегияларын білу

4. Мұғалімнен өзін білім беру қоғамдастығының бір бөлігі ретінде қарастыруын талап етеді (Bolam)

- A) икемділік
- B) кәсібилік
- C) ресмилік
- D) тәртіптілік
- E) шарттылық

5. Зерттеушілердің саралауы бойынша, музыка, өнер, түрлі қолөнер, би немесе спорт және т.б. салалардағы жоғары деңгеймен байланыстыратын ерекше қабілет

- A) біліктілік
- B) дарындылық
- C) кәсіпқойлық
- D) таланттылық
- E) шеберлік

6. Дарынды және талантты оқушылардың қалай оқитынының сипаттамасын көрсетіңіз

- A) ерекше мәтіндер құрайды, жаңалық ойлап шығарады
- B) жеке жетістіктердің стандартына ұмтылады
- C) игерілген дағдыларды қолдана бергенді жақтырмайды
- D) қоғамдық жағдайларда бастаманы өзіне алады
- E) проблемаларды нақты және дұрыс шешуге ұмтылады

7. Оқушының өз бетімен білім алуын ойлауы және мұндай ойлаудың нәтижелерін кейінгі оқу үдерісінде саналы қолдануы

- A) қалай оқу керектігін үйрену
- B) мәселелерді дұрыс шешуге ұмтылу
- C) өз санасына ой жүгірту
- D) сын тұрғысынан ойлау
- E) ұқсастық бойынша үйрену

8. Оқу үшін бағалаудың мақсатын көрсетіңіз

- A) оқушылардың білімін нормамен салыстыру
- B) оқушылардың жетістіктерінің деңгейін анықтау
- C) оқушылардың нені оқып білгенін жинақтау
- D) оқушылардың оқуына тиімді ықпал ету
- E) оқытудың алға жылжуы үшін қорытынды шығару

9. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, кумулятивтік әңгіменің сипаттамасын көрсетіңіз

- A) әркімнің идеясы пайдалы деп саналса да, мұқият бағалау жүргізіледі
- B) қатысушылар бір-біріне сұрақтар қояды және айтқандарын дәлелдейді
- C) қатысушылар өзгелер ұсынған кез келген идеяны төзіммен тыңдайды
- D) пікірлерде үлкен алшақтық болады және әркім өз шешімдерінде қалады
- E) пікірлесу көбіне "иә, бұл солай", "жоқ, олай емес" деген сипатта болады

10. Оқытудың қосалқы құралдары (бейне, желілік материалдар, сандық бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.) туралы білім

- A) мазмұндық
- B) пәндік
- C) педагогикалық
- D) теориялық
- E) технологиялық

11. Оқу табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылданып, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы білім алуы

- A) бағдарламалық оқу
- B) бірлескен оқу
- C) дамытушы оқу
- D) жеке-бағдарлы оқу
- E) фронтальды оқу

12. Коучтер әр нәрсеге сене бермейтін мұғаліммен жұмыс істегенде пайдалы және мұғалімге өз ұстанымының шектеуінен шығуға ықпал ететін сұрақ түрін көрсетіңіз

- A) ашық сұрақ
- B) жабық сұрақ
- C) жетекші сұрақ
- D) өткір сұрақ
- E) түсіндірме сұрақ

13. Адам тыңдап отырған сияқты, бірақ басқа нәрсені ойлап отыратын тыңдалым деңгейі

- A) әңгіме кезіндегі тыңдалым
- B) белсенді тыңдалым
- C) мұқият тыңдалым
- D) терең тыңдалым
- E) үстірт тыңдалым

14. Коучингке берілген сипаттаманы көрсетіңіз

- A) жүйелі қарым-қатынас ұзақ уақыт бойы жалғасады
- B) кездесу қажеттілігіне қарай бейресми сипатта өтеді
- C) кездесулер дамудың нақты мәселелеріне бағытталады
- D) кеңес беру ұзақ және көп аспектілік негізде көрсетіледі
- E) мұғалімнің тұлға ретінде өсуіне басты назар аударылады

15. «Сабақты зерттеу» үдерісінде топ мүшелерінің түйінді идеяларды зерттеуге қатысты жауап іздеуі үшін жүргізілетін қадамды анықтаңыз

- A) жоспарлауда қолдану үшін зерделенген әдебиеттер нәтижелерін қорытуы
- B) қандай сынып пен «бақылаудағы үш оқушы» назарға алынатынын шешуі
- C) мұғалімдердің зерттеу сабағы туралы бірнеше оқушымен сұхбат жүргізуі
- D) топ мүшелерінің зерттеу сабағы аяқталысымен бірден талқылау жүргізуі
- E) топтың жұмыс нәтижелігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасауы

16. Тәлімгерліктегі тәлімгер қызметі

- A) бақылаушы және тексеруші
- B) жинақтаушы және бөлісуші
- C) қадағалаушы және бағалаушы
- D) түсінуші және жұбаттушы
- E) тыңдаушы және бағыттаушы

17. Мектептер арасындағы және кәсіби қоғамдастық ішіндегі бірлесіп өткізілетін іс-шараларға қатысты шешім қабылдайтын топ

- A) басшылық етуші
- B) дамытушы
- C) қызметші
- D) орындаушы
- E) үйлестіруші

18. Кәсіби қоғамдастықта ересек адамдарды оқыту қалай жүзеге асырылады?

- A) қатысушы мектептердің тәжірибесі мен стратегиясын бірлесіп зерттеу арқылы
- B) оқушы рөліндегі адамдардың жұмыс әдістері мен тәжірибелерін бақылау арқылы
- C) серіктес мектептер мұғалімдерінің оқыту әдістемесін жетілдіру арқылы
- D) серіктес мектептер мұғалімдерінің тәжірибесі мен әдістемесін насихаттау арқылы
- E) тірек мектептердің мұғалімдерінің озық тәжірибесін тарату арқылы

19. Мұғалімдер мен мектептердің ынтымақтастығын ұйымдастыру нысаны

- A) әдістемелік бірлестік
- B) әлеуметтік желі
- C) білім бөлімі
- D) кәсіби қоғамдастық
- E) мұғалімдер кәсіподағы

20. Кәсіби қоғамдастықты ұйымдастыруда сәтті құрылған серіктестіктің оң ықпалын көрсететін негізгі факторлардың бірі

- A) көптеген жағдайларда бір шешімге келмейтін проблемаларды талқылауы
- B) қолайлы ортада тәуекелге баруға ықпал ететін реформаның жүргізілуі
- C) мұғалімдерді білім алуға және оны біріктіруге арналған мүмкіндіктері
- D) серіктестік пікірлес адамдардың бірлестігі ретінде қаралуы
- E) тиісті жүйелер, құрылымдар құру арқылы командаларға қолдау көрсетуі

21. Мұғалім көшбасшылығында басқарудың иерархиялық моделіне қатысты құрылымдық тосқауыл қай кедергіге жатады?

- A) әлеуметтік
- B) жүргізушілік
- C) кәсіптік
- D) модельдеушілік
- E) ұйымдастырушылық

22. Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысында «өзгеріс енгізуге қатысты әріптестерінің кеңесінен» кейінгі қадамын көрсетіңіз

- A) атқарылатын жұмыстардың жоспарын құру
- B) дамыту бағдарламасын құруға арналған келісім мен кеңестер
- C) жұмыс нәтижесі негізінде мониторинг үшін топ құрастыру
- D) зерттеуге негізделген дамыту жұмысындағы көшбасшылық
- E) маңызды шешімдерді талап ететін құндылықтарды анықтау

23. Бөлінген көшбасшылықтағы стратегиялық бөлініс түрінің сипаттамасын көрсетіңіз

- A) көшбасшыны тағайындамайды, мұғалімдер өздері қабылдайды
- B) барлық қызметкерлер өздерінің қайда екенін біледі
- C) мектепті жетілдіруге бағытталған нақты мақсатқа ұмтылады
- D) негізінен кәсіби дамуға бағдарланған стратегиялық сипатқа ие болады
- E) сырттан жасалатын қысымға қатысты өзгертін жұмысты қамтиды

24. Мұғалім көшбасшылығының айқын көрінетін төрт сипатына **кірмейтінін** көрсетіңіз

- A) делдалдық
- B) қарым-қатынас
- C) қатысушы
- D) келісімпаздық
- E) орындаушы

25. Қызметкерлердің олар үшін белгіленген рөлдер/лауазымдық нұсқаулар шегінде жұмыс істеуін көрсететін бөлінген көшбасшылық түрін көрсетіңіз

- A) бастамашылық бөлініс
- B) жай бөлініс
- C) кезеңдік бөлініс
- D) прагматикалық бөлініс
- E) стратегиялық бөлініс

26. Бөлінген көшбасшылықтағы прагматикалық бөлініс түрінің сипаттамасын көрсетіңіз

- A) арнайы тағайындалмайды, оны мұғалімдер өздері анықтайды
- B) барлық қызметкерлер өздерінің жауапты міндеттерін біледі
- C) мектепті жетілдіруге бағытталған нақты мақсатқа ұмтылады
- D) негізінен кәсіби дамуға бағдарланған стратегиялық сипатқа ие болады
- E) сырттан жасалатын қысымға қатысты өзгертін жұмысты қамтиды

В блогы. (27-38 – сәйкестікті немесе дұрыс реттілікті анықтауға арналған тест тапсырмалары)

27. Мұғалімнің оқыту стилін таңдауына әсер ететін «білім беру сызбасының» төменнен жоғары қарай реттілігін анықтаңыз

- A) көзқарас
- B) ұстаным
- C) шешім

1) ____ 2) ____ 3) ____

28. Өздігінен реттелетін оқудың үш элементінің реттілігін көрсетіңіз

- A) проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындау
- B) проблеманы шешу, мақсатқа жету үшін әдіс-тәсілдерді өздігінен таңдау
- C) тапсырманы орындау барысында өздігінен бағытталушылық

1) _____ 2) _____ 3) _____

29. «Сабақты зерттеу» үдерісінде бірталай уақыт бойы қалыптасқан қадамдар реттілігін анықтаңыз

- A) «Сабақты зерттеу» тобы өзара келісе отырып, оның жұмысының нәтижелілігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайды
- B) топ зерттеу сабағын жоспарлайды, жоспарда «бақылаудағы оқушылардың» сабақта өтілетін материалды игеруіне ерекше мән береді
- C) топ зерттеудің түйінді идеяларын келісіп алады, ол әдетте сұрақ түрінде келіп, нені, кімді оқытуды анықтайды
- D) топ қандай сынып және «бақылаудағы үш оқушы» назарға алынатынын шешеді
- E) топ мүшелері түйінді идеяларды зерттеуге қатысты жауап іздеу үшін әдебиеттерді зерделеп, жоспарлау кезінде оларды қолдану үшін нәтижелерін қорытады

1) ____ 2) ____ 3) ____ 4) ____ 5) ____

30. Жоспарлау мен оларды жүзеге асырушы тұлғаларды сәйкестендіріңіз

1) орта мерзімді жоспарлау	A) білім саясатын қалыптастырушылар
2) ұзақ мерзімді жоспарлау	B) қоғамдастық мүшелері
	C) мұғалімдер тобы

31. Тәлім алушының сабағын бақылауға қатысты жүргізілетін тәлімгерлікті жоспарлау қадамдарын сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) бақылаудан кейін	А) мұғалім оқыту үдерісінде пайдаланатын әдістерді қадағалау
2) бастапқы бақылау	В) сабақтың мақсатын және оқушылардың білімінің нәтижелерін талқылау
3) сабақ үстінде	С) сабақ барысында жиналған деректерді пайдалана отырып, кері байланыс орнату

32. Бағалаудың құрамдас бөліктерін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) интерпретация	А) оқушылардың үй жұмысын тексеріп, жауаптарын тыңдау
2) қадағалау	В) оқушының жауабына қатысты шешімге келу
3) қорытынды	С) оқушының жауабын оның танымдық, эмоциялық ахуалымен және дағдыларымен байланыстырып, мәнін ұғыну

33. Білім салаларын сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) пәндік білім	А) білім берудің жалпы негіздері, оқыту мен оқу үрдістері, тәжірибесі мен әдістері туралы білім
2) педагогикалық білім	В) оқытудың қосалқы құралдары туралы білім
3) технологиялық білім	С) оқытылатын пән бойынша өзекті білімдер

34. Кәсіби қоғамдастықтағы жұмыс топтарының қызметтерін сәйкестендіріңіз

1) басшылық етуші топтар	А) кәсіби қоғамдастықты дамыту жоспарын құрады
2) дамытушы топтар	В) мектептер арасында бірлесіп өткізетін іс-шараларды анықтайды
3) үйлестіруші топтар	С) оқыту мен оқу үдерістерін жетілдіру әдістерін қабылдауға қолдау көрсетеді

35. Оқу нәтижелерінің түрлерін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) ақпарат жинақтау ретіндегі оқу нәтижесі	А) алынған ақпарат болып табылады
2) білімнің сандық ұлғаюы ретіндегі оқу нәтижесі	В) қайта өндіруге болатын есте сақталған көлемді ақпарат
3) мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау ретіндегі оқу нәтижесі	С) пәннің құраушы бөліктері мен шынайы өмір арасындағы өзара байланыстарды анықтай алу

36. Көшбасшылықтың мәдени бөлінісіндегі өзара қарым-қатынастың төрт түрін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) адалдық	А) басқалармен өзара қарым-қатынас барысында күтілетін нәтижеге қол жеткізу
2) жеке қарым-қатынас	В) басқаның пікірін тыңдау және бағалау
3) құрметтеу	С) кәсіби өзара қарым-қатынасты қолдайтын орнықты жеке қарым-қатынас
4) құзыреттілік	Д) өзара сенімді және шынайы қарым-қатынас

37. Жеті кезеңнен тұратын көшбасшылықты дамытудың алғашқы төрт кезеңін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) бірінші кезең	А) атқарылатын жұмыстардың жоспарын
------------------	-------------------------------------

	күру
2) екінші кезең	В) дамыту бағдарламасын күруға арналған келісім мен кеңестер
3) үшінші кезең	С) кәсіби міндеттерді анықтау
4) төртінші кезең	Д) құндылықтарды анықтау

38. Дарынды және талантты балалардың мінез-құлықтарының пайдалы тізімін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) креативті ойлауы	А) басқалармен жылдам тіл табысады
2) көшбасшылық	В) кең ауқымды білімді пайдалана алады
3) оқуы	С) көптеген идеяларды ойлап шығарады
4) табандылық	Д) өз бетінше жұмыс істегенді жақсы көреді
5) ынталандыру	Е) ересектерді түсініктеме беруге жетелейді

Бос бет

Бос бет